

2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 169 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қазалы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 29 желтоқсанда N 10-4-107 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 04 наурыздағы N 272 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2011.03.04 N 272 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес Қазалы аудандық Мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2, 3-қосымшаларға с ә й к е с б е к і т і л с і н ;
оның ішінде 2010 жылға:
 - 1) кірістер – 6 110 794 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 860 225 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 5 300 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 16 700 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері – 5 228 569 мың теңге;
 - 2) шығындар – 6 179 435 мың теңге;
 - 3) таза бюджеттік кредит беру – 93 145 теңге;
 - бюджеттік кредиттер – 95 250 теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 2 105 теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 6 000 мың т е ण г е ;
 - қаржы активтерін сатып алу – 6 000 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -169 286 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 169 286 м ы ण т е ण г е .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2009.12.30 N 177 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.02.26 N 186 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.13 N 208 (

2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.07.30 N 220 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.11.02 N 238 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.14 N 244 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м д е р і м е н .

2. Аудандық бюджет пен облыстық бюджетке кірістерді бөлу нормативі төмендегідей болып белгіленсін:
элеуметтік салық облыстық бюджетке – 10 пайыз, аудандық бюджетке – 90 п а й ы з .

3. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудан бюджетіне төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттердің қаралғаны ескерілсін:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс орналастыруға – 33 907 мың теңге;

2) жалпы білім беретін мектептер жанынан ашылған шағын орталықтарды ұстауға – 22 372 мың теңге;

3) құрылысы 2010 жылы аяқталатын білім беру объектілерін ұстау шығындарының ұлғаюына – 19 395 мың теңге;

4) жергілікті атқарушы органдарда штаттан тыс қызметкерлерді ұстау шығындарына – 1 260 мың теңге;

5) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына байланысты Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, қаза тапқан жауынгерлердің қайтадан некеге тұрмаған жесірлеріне және концлагердің кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына бір жолғы материалдық көмек көрсетуге – 2 063 мың т е ң г е ;

6) ауылдық округтерді абаттандыруға – 19 000 мың теңге;

"7) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғаларды сауықтыруға, сонымен қатар Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысы жылдары қаза болған жауынгерлердің қайтадан некеге тұрмаған жесірлеріне, Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарындағы концлагерлердің бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындарына Жеңіс күні қарсаңында тұрғын үйлерін жөндеуге, мерекелік азық-түлік жиынтығын табыс етуге, мерекелік киіммен қамтамасыз етуге біржолғы материалдық көмек көрсетуге - 3 697 мың теңге;

8) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысы жылдары қаза болған жауынгерлердің қайтадан некеге тұрмаған жесірлеріне, Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарындағы концлагердің бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындарына, Ұлы Отан соғысы жылдары тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғаларға көліктерде жеңілдікпен жүруді

қамтамасыз ету үшін материалдық көмек көрсетуге - 1335 мың теңге;

9) Ұлы Отан соғысы жылдары тылда 6 айдан кем емес еңбек еткен тыл еңбеккерлеріне тұтынған коммуналдық қызметтерінің төлемдерін өтеуге - 31323 мың теңге;

10) жаңадан іске қосылған білім беру объектілерін ұстауға - 21126 мың теңге;

11) ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға - 91 мың теңге";

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.02.26 N 186 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.13 N 208 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.11.02 N 238 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3-1. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудан бюджетіне республикалық бюджет қаржысы есебінен төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттердің қаралғаны ескерілсін:

1) жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп-ұстауға - 95 684 мың теңге;

2) негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға - 4 097 мың теңге;

3) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға - 22 156 мың теңге;

4) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге - 11 463 мың теңге;

5) ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өсуіне байланысты 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге - 32 490 мың теңге;

6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай біржолғы материалдық көмек төлеуге - 14 580 мың теңге;

7) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай жол жүруін қамтамасыз етуге - 137 мың теңге;

8) ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға - 13 039 мың теңге;

9) ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстауға - 28 716 мың теңге;

10) эпизоотияға қарсы іс-шараларын жүргізуге - 42 172 мың теңге;

11) ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі

айқындайтын талаптарға сәйкес бюджеттік кредит беруге - 95 250 мың теңге;

12) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға - 15 222 мың теңге.

Ескерту. Шешім 3-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2009.12.30 N 177 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.02.26 N 186 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.13 N 208 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.11.02 N 238 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

4. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудан бюджетіне білім беру объектілерін дамытуға 937 688 мың теңге нысаналы даму трансферттерінің қаралғаны ескерілсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.04.13 N 208 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4-1. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудан бюджетіне республикалық бюджет қаржысы есебінен төмендегі көлемде нысаналы даму трансферттердің қаралғаны ескерілсін:

1) мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға 11 868 мың теңге;

2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға 50 000 мың теңге.

Ескерту. Шешім 4-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2009.12.30 N 177 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудан бюджетіне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі жөндеуге 113 437 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін.

1) Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және елді мекендерді көркейтуге - 23 313 мың теңге.

Ескерту. 5-тармақ 1) тармақшамен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.04.13 N 208 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.11.02 N 238 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5-1. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде республикалық

бюджет қаржысы есебінен ағымдағы нысаналы трансферттердің қаралғаны ескерілсін, оның ішінде:

1) әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге - 60 000 мың теңге;

2) аудандық маңыздағы, елді мекендердегі және қаладағы автомобиль жолдарын жөндеу және ұстауға - 82 773 мың теңге;

3) инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және елді мекендерді көркейтуге 50 690 мың теңге.

Ескерту. Шешім 5-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2009.12.30 N 177 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.14 N 244 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте жергілікті атқарушы органдары өкілеттіліктерінің ішінара өзгеруіне байланысты аудандық бюджеттен облыстық бюджетке трансферттерді қайтару:

бір жолғы талон жинау қызметі бойынша – 11 720 мың теңге; жергілікті атқарушы органдары штаттарының қысқаруына байланысты – 4 112 мың теңге көлемінде көзделгені ескерілсін.

6-1. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде көзделген әлеуметтік салық пен жеке табыс салығының салық салынатын базасының өзгеруін ескере отырып бюджет саласындағы еңбекақы қорының өзгеруіне байланысты аудандық бюджеттен жалпы сомасы 209 274 мың теңге қайтару көзделсін.

Ескерту. Шешім 6-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2009.12.30 N 177 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.04.13 N 208 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6-2. 2009 жылы республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінген трансферттердің игерілмеген 29 507 мың теңгесі төмендегі бағдарламаларға бағытталсын:

452-006 "Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару" бағдарламасына 14 348 мың теңге;

123-014 "Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру" бағдарламасына 565 мың теңге;

467-012 "Сумен жабдықтау жүйесін дамыту" бағдарламасына 6 440 мың теңге ;

458-023 "Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету" бағдарламасына 8 154 мың теңге;

Ескерту. 6-2-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.02.26 N 186 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға жергілікті бюджеттен берілетін бір жолғы ақшалай төлемдер 4 500 теңге көлемінде бекітілсін.

8. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2010 жылға арналған резерві 16 530 мың теңге көлемінде бекітілсін.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.02.26 N 186 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.07.30 N 220 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.11.02 N 238 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. 2010 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде 4-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

10. 2010 жылға арналған аудандық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. Қала, кент, ауылдық округі әкімі аппараттарының 2010-2012 жылдарға арналған жеке жоспарларының қаржылар көлемі 6, 7, 8 - қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

12. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

13. "Қызылорда облыстық Мәслихатының 2009 жылғы 11 желтоқсандағы кезектен тыс XXII сессиясының N 192 шешімін іске асыру туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 589 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2010 жылғы 26 қаңтардағы N 643 қаулысына және "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штаттық санының лимиті және құрылымы туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 338 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 11 ақпандағы N 58 қаулысына сәйкес "2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Қазалы аудандық Мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 169 шешімін іске асыру туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы N 298 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 ақпандағы N 60 қаулысымен бюджетке түзету енгізілгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 13-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.02.26 N 186 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. 2010 жылдың 1-қаңтарына қалыптасқан бюджет қаражатының 46634 мың теңге қалдықтары төмендегі бағдарламаларға бағытталсын:

112-001 "Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 1 086 мың теңге;

123-001 "Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 334 мың теңге;

452-001 "Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті орындау және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 170 мың теңге;

123-008 "Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру" бағдарламасына 646 мың теңге;

123-011 "Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру" бағдарламасына 37 143 мың теңге;

455-003 "Мәдени демалыс жұмысын қолдау" бағдарламасына 7 000 мың теңге ;

473-001 "Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 255 мың теңге.

Ескерту. Шешім 14-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.02.26 N 186 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

14-1. 451-006 "Тұрғын үй көмегі" бағдарламасы 14 000 мың теңгеге, 123-011 "Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру" бағдарламасы 335 мың теңгеге, 463-006 "Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру" бағдарламасы 156 мың теңгеге азайтылып, сонымен қатар аудандық бюджеттің кірістер бөлігінің ұлғаюы есебінен 87 000 мың теңге, жиыны 101491 мың теңге төмендегі бағдарламаларға бағытталсын:

112-001 "Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 1 613 мың теңге;

112-004 "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру" бағдарламасына 800 мың теңге;

122-006 "Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою" бағдарламасына 9 000 мың теңге;

464-003 "Жалпы білім беру" бағдарламасына 21 000 мың теңге;

467-019 "Тұрғын үй салу" бағдарламасына 3 442 мың теңге;

458-026 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру" бағдарламасына 51 000 мың теңге ;

123-011 "Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру" бағдарламасына
8 0 0 м ы ң т е ң г е ;

473-001 "Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 786 мың теңге;

473-004 "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру"
бағдарламасына 1 5 0 м ы ң т е ң г е ;

473-006 "Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру"
бағдарламасына 5 0 0 м ы ң т е ң г е ;

452-012 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві" бағдарламасына 12 400 мың теңге.

Ескерту. Шешім 14-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.07.30 N 220 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

14-2. 123-001 "Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 610 мың теңгеге, 464-001 "Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 300 мың теңгеге, 123-002 "Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру" бағдарламасы 300 мың теңгеге, 451-005 "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек" бағдарламасы 3 000 мың теңгеге, 451-006 "Тұрғын үй көмегі" бағдарламасы 800 мың теңгеге, 451-016 "18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар" бағдарламасы 10 000 мың теңгеге, 456-001 "Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 80 мың теңгеге, 456-003 "Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру" бағдарламасы 66 мың теңгеге азайтылып, сонымен қатар аудандық бюджеттің кірістер бөлігінің ұлғайуы есебінен 90 000 мың теңге, жиыны 105 156 мың теңге төмендегі бағдарламаларға бағытталсын:

122-001 "Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 80 мың теңге;

122-004 "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру"
бағдарламасына 4 2 2 0 м ы ң т е ң г е ;

123-001 "Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 1 0 8 4 м ы ң т е ң г е ;

123-023 "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру"
бағдарламасына 2 0 0 0 м ы ң т е ң г е ;

122-006 "Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою" бағдарламасына 18 000 мың теңге;

464-009 "Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 5 361 мың теңге;

464-003 "Жалпы білім беру" бағдарламасына 9 463 мың теңге;

467-037 "Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау" бағдарламасына 9 800 мың теңге;

458-004 "Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету" бағдарламасына 700 мың теңге;

467-020 "Тұрғын үй сатып алу" бағдарламасына 4 000 мың теңге;

123-014 "Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру" бағдарламасына 5 494 мың теңге;

458-012 "Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі" бағдарламасына 608 мың теңге;

123-008 "Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру" бағдарламасына 600 мың теңге;

123-009 "Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету" бағдарламасына 5 054 мың теңге;

123-011 "Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру" бағдарламасына 3 700 мың теңге;

455-003 "Мәдени-демалыс жұмысын қолдау" бағдарламасына 11 487 мың теңге;

467-011 "Мәдениет объектілерін дамыту" бағдарламасына 1 500 мың теңге;

465-006 "Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу" бағдарламасына 796 мың теңге;

465-007 "Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы" бағдарламасына 3 204 мың теңге;

455-006 "Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі" бағдарламасына 5 596 мың теңге;

456-002 "Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 4 000 мың теңге;

465-001 "Жергілікті деңгейде денешынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 402 мың теңге;

465-008 "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру" бағдарламасына 450 мың теңге;

462-001 "Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 160 мың теңге;

467-010 "Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту" бағдарламасына 900 мың теңге ;

473-006 "Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру" бағдарламасына 700 мың теңге ;

463-001 "Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 300 мың теңге ;

467-001 "Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 275 мың теңге ;

468-001 "Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 104 мың теңге ;

468-003 "Ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлары схемаларын әзірлеу" бағдарламасына 1 220 мың теңге ;

452-012 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві" бағдарламасына 3 500 мың теңге ;

458-001 "Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасына 398 мың теңге.

Ескерту. Шешім 14-2-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.11.02 N 238 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. 451-020 "Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы материалдық көмекті төлеу" бағдарламасы 746 мың теңгеге азайтылып, 451-007 "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы 746 мың теңгеге көбейтілсін;

458-108 "Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптама жасау" бағдарламасы 1000 мың теңгеге азайтылып, 458-028 "Коммуналдық шаруашылығын дамыту" бағдарламасы 1000 мың теңгеге көбейтілсін;

452-012 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві" бағдарламасы 870 мың теңгеге азайтылып, 123-001 "Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 202 мың теңгеге, 464-006 "Балалар мен жеткіншектерге қосымша білім беру" бағдарламасы 500 мың теңгеге, 123-011 "Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру" бағдарламасы 168 мың теңгеге көбейтілсін;

123-009 "Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету" бағдарламасы 255 мың теңгеге азайтылып, 473-007 "Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру" бағдарламасы 255 мың теңгеге көбейтілсін".

Ескерту. Шешім 15-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.02.26 N 186 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15-1. 451-005 "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек" бағдарламасы 1 000 мың теңгеге, 451-006 "Тұрғын үй көмегі" бағдарламасы 1 000 мың теңгеге, 451-016 "18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар" бағдарламасы 1 000 мың теңгеге, 452-009 "Жергілікті атқарушы органдардың борышын өтеу" бағдарламасы 1 000 мың теңгеге азайтылып, 451-020 "Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), "1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе " Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу" бағдарламасы 4 000 мың теңгеге көбейтілсін;

458-028 "Коммуналдық шаруашылығын дамыту" бағдарламасы 1500 мың теңгеге азайтылып, 452-014 "Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту" бағдарламасы 500 мың теңгеге, 473-011 " Эпизотияға қарсы іс-шаралар жүргізу" бағдарламасы 1 000 мың теңгеге көбейтілсін.

Ескерту. Шешім 15-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.04.13 N 208 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15-2. 464-003 "Жалпы білім беру" бағдарламасы 11068 мың теңгеге азайтылып, 464-009 "Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы 4 370 мың теңгеге, 464-006 "Балаларға қосымша білім беру" бағдарламасы 6 698 мың теңгеге көбейтілсін;

451-005 "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек" бағдарламасы 9 263 мың теңгеге, 451-006 "Тұрғын үй көмегі" бағдарламасы 1 873 мың теңгеге, 451-016 " 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар" бағдарламасы 7 864 мың теңгеге азайтылып, 451-002 "Еңбекпен қамту бағдарламасы" 9 000 мың теңгеге, 451-007" Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы 2 656 мың

теңгеге, 451-010 "Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету" бағдарламасы 903 мың теңгеге, 451-014 "Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету" бағдарламасы 1 867 мың теңгеге, 451-001 "Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 3 804 мың теңгеге, 451-011 " Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу" бағдарламасы 420 мың теңгеге, 451-022 "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру" бағдарламасы 350 мың теңгеге көбейтілсін;

455-003 "Мәдени-демалыс жұмысын қолдау" бағдарламасы 3 125 мың теңгеге азайтылып, 456-002 "Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 2 125 мың теңгеге, 452-014 " Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту" бағдарламасы 1 000 мың теңгеге көбейтілсін;

458-012 "Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі" бағдарламасы 1 500 мың теңгеге азайтылып, 458-023 "Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету" бағдарламасы 1 500 мың теңгеге көбейтілсін;

123-001 "Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 544 мың теңгеге азайтылып, 473-001 "Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 470 мың теңгеге, 458-001 "Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 74 мың теңгеге көбейтілсін.

Ескерту. Шешім 15-2-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.07.30 N 220 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15-3. 123-001 "Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 195 мың теңгеге азайтылып, 123-01"Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру" бағдарламасы 195 мың теңгеге көбейтілсін;

451-006 "Тұрғын үй көмегі" бағдарламасы 2 500 мың теңгеге, 451-007 " Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы 540 мың теңгеге, 451-010 "Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету" бағдарламасы 445 мың теңгеге, 451-014 "Мұқтаж азаматтарға үйде

әлеуметтік көмек көрсету" бағдарламасы 300 мың теңгеге, 451-017 " Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсетуі" бағдарламасы 1 150 мың теңгеге азайтылып, 451 -004 "Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету" бағдарламасы 3 335 мың теңгеге, 451-001 "Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 1 250 мың теңгеге, 451-022 "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру" бағдарламасы 350 мың теңгеге көбейтілсін; 458-021 "Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету" бағдарламасы 20 мың теңгеге, 458-026 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру" бағдарламасы 101 мың теңгеге, 458-023 "Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету" бағдарламасы 241 мың теңгеге азайтылып, 458-008 " Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді-мекендер көшелерін жөндеу және ұстау" бағдарламасы 229 мың теңгеге, 458 -001 "Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 133 мың теңгеге көбейтілсін; 473-004 "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру" бағдарламасы 130 мың теңгеге азайтылып, 473-001 "Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" бағдарламасы 130 мың теңгеге көбейтілсін.

Ескерту. Шешім 15-3-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.11.02 N 238 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

*Аудандық мәслихаттың
ХХІ сессиясының төрағасы,
Т. Бөріқұлақов*

аудандық мәслихаттың хатшысы

2009 жылғы 23 желтоқсандағы
нормативтік құқықтық

N 169

кесімге 1-қосымша

2010 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.11.02 N 238 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.12.14 N 244 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты			Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
		Ішкі сыныбы	
		Атауы	
		1. КІРІСТЕР	6 110 794
1		Салықтық түсімдер	860225
	01	Табыс салығы	347658
		2 Жеке табыс салығы	347658
	03	Әлеуметтік салық	258570
		1 Әлеуметтік салық	258570
	04	Меншікке салынатын салықтар	235927
		1 Мүлікке салынатын салықтар	198116
		3 Жер салығы	6757
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	30584
		5 Бірыңғай жер салығы	470
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	14500
		2 Акциздер	5300
		3 Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1500
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7100
		5 Ойын бизнесіне салық	600
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3570
		1 Мемлекеттік баж	3570
2		Салықтық емес түсімдер	5300
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	900
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	900
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	200
		1 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	200
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	4200
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	4200
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	16700

	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	16700
		1	Жерді сату	16700
4			Трансферттердің түсімдері	5 228 569
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5 228 569
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5 228 569
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
2. ШЫҒЫҢДАР				6 179 435
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	316568
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	20326
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19526
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	800
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	66217
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	61997
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	4220
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	198903
		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	194593
		023	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	4310
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	15013
		001	Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті орындау және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15013
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	16109
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16109
2			Қорғаныс	28968
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1968
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1968
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	27000
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	27000
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2484
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2484
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2484

4		Білім беру	4348411
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	351458
		009 Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	351458
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2901660
		003 Жалпы білім беру	2810372
		006 Балаларға қосымша білім беру	91288
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	147805
		001 Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18016
		005 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	16176
		007 Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	176
		011 Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	113437
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	947488
		037 Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	947488
6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	424333
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	378063
		002 Еңбекпен қамту бағдарламасы	90441
		003 Қайтыс болған Совет Одағының батырларын, "Халық қаһармандарын", Социалистік Еңбек ерлерін, Даңқ Орденінің үш дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған соғыс ардагерлері мен мүгедектерін жерлеу рәсімдері бойынша қызмет көрсету	41
		004 Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	15818
		005 Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	20000
		006 Тұрғын үй көмегі	24262
		007 Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	35750
		009 1999 жылдың 26 шілдесінде "Отан", "Даңқ" ордендерімен марапатталған, "Халық Қаһарманы" атағын және республиканың құрметті атақтарын алған азаматтарды әлеуметтік қолдау	400
		010 Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	2573
		014 Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	37773
		016 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	114396
		017 Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсетуі	10840
		Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері	

	019	бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз ету	3812
	020	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу	21957
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	46270
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43516
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2054
	022	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жаратқандыру	700
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	321 853
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	700
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	700
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	29010
	003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	11868
	019	Тұрғын үй салу	13142
	020	Тұрғын үй сатып алу	4000
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	6059
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	6059
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	175 760
	012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	858
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	50899
	030	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеу және елді-мекендерді көркейту	74 003
	033	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, орналастыру және (немесе) сатып алу	50000
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	6556
	006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	6556

	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	103768
		008 Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	28634
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	12321
		010 Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	1100
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	61713
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	208804
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	104489
		003 Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	104489
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1500
		011 Мәдениет объектілерін дамыту	1500
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	8523
		006 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1849
		007 Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	6674
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	52958
		006 Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	52958
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	10217
		002 Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	10217
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	9053
		001 Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9053
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	10962
		001 Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9962
		003 Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	1000
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	11102
		001 Жергілікті деңгейде денешынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10652
		008 Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жаратқандыру	450
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	81325
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	21066
		001 Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7936

	099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	13130
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	900
	010	Ауылшаруашылығы объектілерін дамыту	900
